

«Айгөлек» бөбекжай–балабақшасы
Кезектен тыс педагогикалық кеңес хаттамасы №3

Өткен күні: 01 ақпан 2023 жыл

Қатысқандар: Өзін-өзі бағалау комиссия мүшелері:

1. Оразай Айнұр Сүйеубайқызы – меңгеруші
«Айгөлек» бөбекжай – балабақшасы
2. Мұрат Гүлжазира Бақытжанқызы – әдіскер
«Айгөлек» бөбекжай – балабақшасы
3. Айжырыкова Айдана Сәкентайқызы – педагог-психолог
«Айгөлек» бөбекжай – балабақшасы
4. Курмалакова Светлана Нурмухановна – тәрбиеші
«Айгөлек» бөбекжай – балабақшасы
5. Жонысова Алмагуль Хамзаевна – тәрбиеші
«Айгөлек» бөбекжай – балабақшасы
6. Аманжолова Гульнара Жарылгасовна – тәрбиеші
«Айгөлек» бөбекжай – балабақшасы

Күн тәртібінде:

1. 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарына жүргізілген өзін-өзі бағалау комиссиясының есебін тыңдау.
2. Жауапты өзін-өзі аттестаттау комиссия төрағасы

Тыңдалды:

1. А.С.Оразай өзін-өзі аттестаттау комиссия төрайымы, меңгеруші:
2. Өзін-өзі бағалау комиссия тәрбиелеу мен оқыту жылдарына мынадай деректі құжаттарды қарады.

9.Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар:

1) оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – ҰОЖ) талаптарына сәйкестігі;

2) білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру;

3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі-Үлгілік қағидалар) сақтау; Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі-Үлгілік қағидалар) сақтау;

4) баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;

5) тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау;

6) үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау;

10. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

1) МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы.

12. Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:

1) балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;

2) тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

Комиссия мүшелері 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарының тәрбиелеу оқыту бойынша МЖМБС талаптарына сәйкестігіне зерделеу жұмысын жүргізді.

Комиссия төрайымы Оразай Айнұр Сүйеубайқызы өзін-өзі бағалау есебі тыңдалынды. Өзін-өзі бағалау, бағалау өлшемшарттарына сәйкес қорытындыланып, комиссия мүшелерінің дауысқа салуымен «жақсы» деп бағаланды.

Сөз сөйлегендер:

Курмалакова С.Н.: өзін-өзі бағалау бойынша комиссия мүшелерінің есебін тыңдай отырып, тәрбиелеу мен оқыту бойынша МЖМБС талаптарының толық сақталған деп ойлаймын. 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік

оқу жоспарына сәйкестігін көрдік.

Мұрат Г.Б. әдіскер: Өзін-өзі бағалау материалдарын сараптай келе мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын балаларда қалыптастыруда да білік сақталған.

Шешім:

«Айгөлек» бөбекжай– балабақшасы 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарына өзін-өзі бағалау МЖМБС талаптарына сәйкес деп танылсын.

Төрайымы:

А.С.Оразай

Хатшы:

А.С.Айжарықова

1. Оразай Айнуір Сүйеубайқызы – меңгеруші
«Айгөлек» бөбекжай – балабақшасы
2. Мұрат Гүлжазира Бакытжанқызы– әдіскер
«Айгөлек» бөбекжай – балабақшасы
3. Айжырықова Айдана Сәкентайқызы – педагог-психолог
«Айгөлек» бөбекжай – балабақшасы
4. Курмалакова Светлана Нурмухановна – тәрбиеші
«Айгөлек» бөбекжай – балабақшасы
5. Жонысова Алмагуль Хамзаевна – тәрбиеші
«Айгөлек» бөбекжай – балабақшасы
6. Аманжолова Гульнара Жарылгасовна – тәрбиеші
«Айгөлек» бөбекжай – балабақшасы